

**«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы» АҚ**

Қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай
бойынша және 31 желтоқсанда аяқталған
жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың
аудиторлық қорытындысымен

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

2025 жыл үшін қаржылық есептілік:

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер	5-45

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Тәуелсіз аудиторлардың ұсынылған есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс төмендегі мәлімдеме «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Қоғам басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайды, сондай-ақ осы күні аяқталған кезеңдегі оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қоғам басшылығы:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау мен қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Қоғам қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін есептілікті түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Қоғамның таяу болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Қоғамның ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Қоғамның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Қоғамның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты болады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы 2026 жылғы 10 маусымда бекітті және оның атынан қол қойды:


А.С. Акимжанова

Басқарма Төрағасының м.а.




Л.В. Кравцова

Бас бухгалтер

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ акционері және басшылығына

Пікір

Біз «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен сәйкес ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) барлық елеулі аспектілерде анық көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Кәсіби бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитіне қатысты кәсіби этика талаптарымен бірлесіп өзірлеген Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (IESBA кодексі) сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз және біз осы кәсіби этика талаптарына және IESBA кодексіне сәйкес өзге де міндеттерді орындадық.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Маңызды жағдайлар

Біз «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қызметін трансформациялау туралы ақпарат ашылған қаржылық есептілікке 7, 15 және 27-ескертпелерге назар аударамыз.

Қоғам 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Айналым схемасы» жобасы шеңберінде берілген қарыздар бойынша (7-ескертпе) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӨМАТ) бағаларды тұрақтандыру тетігі шеңберінде берілген қарыздар портфелін күтілетін беруге байланысты 655,036 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарға резерв есептемеді.

27-ескертпеде көрсетілгендей, есепті күннен кейін республикалық және өңірлік деңгейлерде ӨМАТ бағаларын тұрақтандыру тетігін іске асыру жөніндегі қызметті және тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы операторының функцияларын қоса алғанда, Қоғамның жекелеген функцияларын басқа ұйымдарға беру жөніндегі іс-шараларға бастамашылық жасалған.

Біздің қорытындымыз шығарылған күні нормативтік-құқықтық базаның тиісті өзгерістері, сондай-ақ активтерді, міндеттемелер мен функцияларды беру аяқталмаған, соның салдарынан көрсетілген іс-шараларды іске асырудың түпкілікті тетігі мен мерзімдеріне қатысты белгісіздік сақталып отыр.

Біздің пікіріміз осы мәселеге байланысты өзгерген жоқ.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-не сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Қоғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруға ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген болжау мүмкін болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бағалау мәндерінің және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда жеке қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;

- қаржылық есептілікті тұтастай ұсынуды, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп білдіре ме дегенге бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды олардың назарына, оның ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері және аудитордың назарын аударған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізделген түрде өсер ететін барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы өтініш береміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз осы мәселелерді өзіміздің аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз, бұл мәселелер туралы ақпаратты жария түрде жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынғанда, немесе өте сирек жағдайларда біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасынан қоғамдық мәні бар пайдадан асып түседі деп негізді болжауға болады.



Сәуле Бадамбаева
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК»
ЖШС
Аудит жөніндегі серіктесі
Аудитордың біліктілік куәлігінің №
МФ-0000720, 10.01.2019 ж.



Шолпанай Құдайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК»
ЖШС Бас директоры
Аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған №18013076 мемлекеттік
лицензиясын Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік
аудит комитеті 2018 жылғы «03»
шілдеде берген.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы
2026 жылғы 10 маусым



«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

мың теңге	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	602,042	592,437
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	3,081,083	3,173,799
Инвестициялар		98,098	113,340
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	7	—	—
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	8	266,137	696,390
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		4,047,360	4,575,966
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	9	193,892	243,931
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	8	275,801	72,886
Қысқа мерзімді қаржы активтері	7	2,540,533	2,325,250
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		278,835	74,155
Берілген аванстар және өзге де ағымдағы активтер	10	3,041,469	1,440,637
Банк депозиттері	11	—	4,213,444
Ақша қаражаты және олардың баламалары	12	11,151,369	7,191,821
Қысқа мерзімді активтер жиыны		17,481,899	15,562,124
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		21,529,259	20,138,090
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Акционерлік капитал	13	10,063,203	10,063,203
Жинақталған залалдар		(5,637,830)	(5,747,730)
Капитал жиыны		4,425,373	4,315,473
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған ұзақ мерзімді аванстар	14	13,923,289	12,401,550
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	15	2,154,450	260,000
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		16,077,739	12,661,550
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған облигациялар		50,000	—
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	15	561,075	2,681,000
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	16	370,219	133,545
Салықтар мен төлемдер		44,853	59,978
Корпоративтік табыс салығы бойынша берешек		—	286,544
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		1,026,147	3,161,067
Міндеттемелер жиыны		17,103,886	15,822,617
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		21,529,259	20,138,090

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойылды:

А.С. Акимжанова

Басқарма Төрағасының м.а.

П.В. Крайцова

Бас бухгалтер

2026 жылғы 10 маусым

Түсіндірме

ескертпелер

осы

қаржылық

есептіліктің

ажырамас

бөлігін

құрайды



«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп

мың теңге	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	17	2,192,061	1,840,972
Өткізудің өзіндік құны	18	(1,647,690)	(1,537,423)
Жалпы табыс		544,371	303,549
Әкімшілік шығыстар	19	(1,385,208)	(1,078,559)
Қаржылық кірістер/шығыстар, нетто	20	853,871	1,448,900
Басқа кірістер/шығыстар, нетто	21	49,439	135,494
Залалдарды қалпына келтіру /құнсызданудан болған (залалдар)	22	51,699	(73,563)
Салық салынғанға дейінгі кіріс		114,172	735,821
Табыс салығы бойынша шығыстар	23	(14,652)	(171,934)
Жыл ішіндегі таза кіріс		99,520	563,887
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		-	-
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс		99,520	563,887

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойылды:

А.С. Акимжанова

Басқарма Төрағасының м.а.



Л.В. Кравцова

Бас бухгалтер

2026 жылғы 10 маусым

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды



«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

мың теңге	2025 жыл	2024 жыл
Операциялық қызмет		
Сатып алушылардан алынған ақша қаражаты	2,030,940	1,417,992
Өзге де түсімдер	38,505	10,994
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленген ақша қаражаты	(4,549,557)	(1,299,417)
Қызметкерлерге төленген ақша қаражаты	(621,518)	(507,830)
Төленген өзге де салықтар мен әлеуметтік төлемдер	(359,829)	(256,033)
Төленген табыс салығы	(381,220)	—
Өзге де төлемдер	(31,765)	(31,735)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(3,874,444)	(666,029)
Инвестициялық қызмет		
Берілген қарыздарды қайтару	2,327,829	2,971,711
Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті сату	58,521	535,500
Алынған сыйақылар	704,978	1,134,818
Берілген қарыздар	(2,012,060)	(112,470)
«Ауыл Аманаты» және «ТКШ жаңғырту» мемлекеттік бағдарламалары бойынша қаражат беру	(520,113)	(5,303,644)
«Ауыл Аманаты» және «ТКШ жаңғырту» мемлекеттік бағдарламалары бойынша қаражат алу	3,321,682	—
Депозиттерді (орналастыру)/алу	4,159,783	(4,159,783)
Негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	(41,043)	(40,651)
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша қаражаты	7,999,577	(4,974,519)
Қаржылық қызмет		
Қарыздарды өтеу	(3,534,625)	(1,000,000)
Қарыз алу	3,309,150	—
Облигацияларды шығарудан түскен түсімдер	50,000	—
Сыйақы төлеу	10,325	—
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(165,150)	(1,000,000)
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаяуы)	3,959,983	(6,640,548)
Күтілетін кредиттік залалдар резервіндегі өзгеріс	—	—
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері	(435)	—
Кезең басындағы ақша қаражаты	7,191,821	13,832,369
Кезең соңындағы ақша қаражаты	11,151,369	7,191,821

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойылды:

А.С. Акимжанова

Басқарма Төрағасының м.а.

П.В. Кравцова

Бас бухгалтер

2026 жылғы 10 маусым

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды



«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Жинақталған залал	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	10,018,785	(5,785,641)	4,233,144
Акциялар шығару	44,418	—	44,418
Жыл ішіндегі таза кіріс	—	563,887	563,887
Полигонды өтеусіз беру	—	(525,976)	(525,976)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	10,063,203	(5,747,730)	4,315,473
Жыл ішіндегі таза кіріс	—	99,520	99,520
Өзге де операциялар	—	10,380	10,380
2025 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	10,063,203	(5,637,830)	4,425,373

Осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы мақұлдады және оның атынан қол қойылды:

А.С. Акимжанова

Басқарма Төрағасының м.а.



Л.В. Кравцова

Бас бухгалтер

2026 жылғы 10 маусым

Түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас



бөлігін қарап

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - "Қоғам") Ақтөбе облысының Әділет департаменті тіркеді, мемлекеттік тіркеу туралы 2010 жылғы 12 қарашадағы № 16826-1904-АҚ куәлігі, 2018 жылғы 5 қыркүйектегі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 101140008468.

Қоғам қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы 01.01.2011 жылғы сериясы 06001 № 1114100 куәліктің негізінде қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуші болып табылады.

Қоғамның нақты және заңды мекенжайы: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 103А ғимараты.

2025 жылғы 31 желтоқсанда және қаржылық есептілік шығарылған күні Қоғамның жалғыз акционері «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ (бұдан әрі - «Бас компания») болып табылады. Қоғамның соңғы бақылаушы тарабы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады. Қоғамның активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасының аумағында болады.

Қоғам қызметінің негізгі түрі коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру, экономикалық қызметті реттеу және тиімді жүргізуге жәрдемдесу, коммерциялық және кәсіпкерлік қоғамдық ұйымдардың қызметі, медициналық жабдықтар мен техниканың қаржылық лизингінен басқа, қаржы лизингі болып табылады.

Қоғамның органдары:

Жоғары орган – Жалғыз акционер;

Басқару органы – Директорлар кеңесі;

Атқарушы орган – Басқарма болып табылады.

Басқару органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен айқындалады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның филиалдары, өкілдіктері, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоғамның осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес ("ХҚЕСК") бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі комитет (бұдан әрі - "ХҚЕТК") шығарған түсіндірулерге сәйкес дайындалды.

Ұсыну негізі

Бұл қаржылық есептілік қаржы құралдарын әділ құн бойынша бастапқы тануға түзетумен бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сүйене отырып дайындалды.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Қоғамның қаржылық есептілігі әдеттегі қызмет барысында активтерді іске асыруды және міндеттемелер мен шарттық міндеттемелерді реттеуді көздейтін үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес дайындалды.



2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Осылайша, Қоғам басшылығы қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сәйкес Қоғамның қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі әсер етуі мүмкін жағдайларды немесе оқиғаларды сәйкестендірмейді. Осы қаржылық есептілік, егер Қоғам қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сәйкес қызметін жалғастыра алмаса, талап етілетін түзетулерді қамтымайды.

Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есеп саясаты 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Қоғам шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қоғамның функционалдық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Қоғам жүргізетін операциялардың көпшілігінің және олармен байланысты, оның қызметіне әсер ететін мән-жайлардың экономикалық мәнін барынша жақсы көрсетеді. Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы да болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР

Күшіне енген және Компания қолданатын стандарттар мен түзетулер.

ХҚЕС (IAS) 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері» түзетуі - валюта айырбасталымының болмауы

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап екі валюта арасында айырбастау мүмкін болмаған жағдайларда айырбас бағамын айқындау тәртібін белгілейтін IAS 21 түзетуі күшіне енді. Түзету валютаны айырбасталмайтын деп тану критерийлерін, баламалы айырбас бағамын айқындауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ ақпаратты ашуға қойылатын кеңейтілген талаптарды енгізеді.

Түзету бастапқы қолданылған күннен бастап қолданылады; салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді. Бастапқы қолданудың әсері тиісті баптардың кіріс қалдықтарының құрамында көрсетіледі. Осы түзетуді қолдану Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер еткен жоқ/ықпалды бағалау жүргізіледі (нақты жағдайға байланысты).

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түзетулер.

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпарат беру және ашу»

IFRS 18 стандарты IAS 1-ді ауыстырады және операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет бойынша кірістер мен шығыстарды жіктеуді, сондай-ақ ХҚЕС-ке сәйкес есептелген көрсеткіштермен келісе отырып, пайданың басқарушылық көрсеткіштерін (ПБК) міндетті түрде ашуды қоса алғанда, пайда мен залал туралы есепті ұсынуға қойылатын жаңа талаптарды енгізеді.

Стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті қолдануға жатады. Компания IFRS 18-дің қаржылық есептілікте ақпаратты ұсынуға және ашуға ықтимал әсерін бағалайды.

ХҚЕС (IFRS) 19 «Жариялы есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»

IFRS 19 топ құрамында ХҚЕС қолданатын бағаланбайтын еншілес компаниялар үшін ақпаратты ашуға оңайлатылған талаптарды белгілейді. Стандарт тануға және бағалауға қойылатын талаптарды өзгертпейді, тек ашылу көлеміне ғана қатысты.



3. ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін түзетулер шартты ақша ағындары бар шарттарды (оның ішінде ESG-шарттары бар), электрондық төлем платформалары арқылы жүзеге асырылатын операцияларды есепке алуды қоса алғанда, қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға қатысты, сондай-ақ амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері бойынша ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды кеңейтеді. Компания осы түзетулердің қаржылық есептілікке ықтимал әсеріне бағалау жүргізеді.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері

Жыл сайынғы жетілдіру жобасы шеңберінде IFRS 1, IFRS 7, IFRS 9, IFRS 10 және IAS 7 жекелеген ережелерін қозғайтын өзгерістер шығарылды. Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және нақтылау және түсіндіру сипатында болады. Компания осы өзгерістердің қаржылық есептілікке елеулі әсерін күтпейді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

Қаржылық жағдай туралы жеке есепте Қоғам активтер мен міндеттемелерді оларды ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді жіктеу негізінде ұсынады. Актив, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сату немесе тұтыну үшін іске асыру көзделеді немесе ол арналса;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде іске асыру болжанып отырса;
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдірсе, ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі. Міндеттеме, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу болжанып отырса;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- бірақ есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Қоғамның есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ болса, ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады.

Қоғам барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта орын алады деп болжайды.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қоғамның негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдалануы мүмкін жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделері үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау

- нарыққа қатысушының не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану арқылы, не
- осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайданы генерациялау мүмкіндігін ескереді.

Қоғам қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып бағалаудың осындай әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық бағамдалуы (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей - сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері;
- 3-деңгей - сатылықтың неғұрлым төмен деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін елеулі бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Қоғам активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде жіктейді.

Негізгі құралдар

Тану және есепке алу

Негізгі құралдардың объектілері сатып алу құны бойынша жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып көрсетіледі.

Құн активті сатып алумен тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе салынған активтердің құны материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құнын, оларды болжамды пайдалану үшін активті жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты кез келген өзге де шығындарды, сондай-ақ заттарды бөлшектеу мен жою және олар орналасқан учаскені қалпына келтіру жөніндегі шығыстарды және қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды қамтиды.

Егер негізгі құралдардың объектісі ұтымды пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар жекелеген компоненттерден тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жеке объектісі (маңызды компонент) ретінде ескеріледі. Негізгі құралдар объектісінің шығуынан кірістің немесе шығынның кез келген сомасы оның шығуынан түскен түсімді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы айқындалады және таза кіріс немесе залал құрамында «өзге кірістер» немесе «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-негізде танылады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін (елеулі құрамдас бөлігін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер Қоғамның көрсетілген бөлікке байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болып табылған және оның құнын сенімді айқындауға болатын жағдайда, осы объектінің баланстық құнын ұлғайтады. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдардың объектілерін ағымдағы жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар олар туындаған сәттегі кірістер мен шығыстарда танылады.

Тозу

Тозу активтің пайдалы қызметінің күтілетін мерзімі ішінде оның тарату құнына дейін тура әдіс бойынша есептеледі. Негізгі құралдардың күтілетін пайдалы қызмет мерзімдері:

Пайдалы қызмет мерзімі, жыл

Ғимараттар мен құрылыстар	4-50
Машиналар мен жабдықтар	4-15
Компьютерлер және ұйымдастыру техникасы	3-5
Көлік құралдары	4-10
Өзге де негізгі құралдар	2-10

Ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімдері және негізгі құралдардың тарату құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Жалға алу кірістерін немесе капитал құнының өсімін алуға немесе екіншісіне арналған, бірақ әдеттегі қызмет барысында сатуға, өндірісте немесе тауарларды немесе қызметтерді жеткізуде пайдалануға не әкімшілік мақсаттарға арналмаған жылжымайтын мүлік. Инвестициялық жылжымайтын мүлік кез келген жинақталған амортизацияны және құнсызданудан кез келген жинақталған залалдарды шегергендегі нақты құны бойынша танылады. Сатып алынған инвестициялық жылжымайтын мүліктің нақты құны сатып алуға арналған шығындарды және сатып алуға байланысты өзге де шығындарды қамтиды.

Өз күшімен тұрғызылған (салынған) жылжымайтын мүлік объектілерінің нақты құнына құрылыс аяқталған күнгі жылжымайтын мүлік құны қосылады. Ғимараттың ажырамас бөлігі болып табылатын жабдықтар мен жарақтандыру заттары инвестициялық жылжымайтын мүліктің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік негізгі құралдарға қолданылатын қағидаттарға сәйкес амортизацияланады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам ұзақ мерзімді активтердің ағымдағы құнының ықтимал құнсыздануын көрсететін кез келген белгілердің болуын бағалайды. Кез келген осындай белгі анықталған жағдайда активтердің өтелетін құнының ықтимал төмендеуі мәніне бағалау жүзеге асырылады (егер мұндай орын алса). Жеке алынған актив үшін өтелетін құнды бағалау мүмкін болмаған кезде Қоғам актив тиесілі ақша қаражатын туындататын активтер тобының өтелетін құнын айқындайды.

Өтелетін соманы есептеу

Активтің өтелетін құны оны іске асыруға арналған шығыстарды шегергендегі оны пайдалану құндылығы мен активтің әділ құнының ең үлкен шамасы ретінде айқындалады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салықтарды шегергенге дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Ақшалай түсімдерді дербес туындатпайтын активтердің өтелетін құны осы активтер жататын ақшалай түсімдерді генерациялайтын бөлімшенің өтелетін құнының құрамында айқындалады.

Құнсызданудан болған залалдарды қалпына келтіру

Құнсызданудан бұрын танылған залал, егер өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда қалпына келтіруге жатады. Құнсызданудан болған залал, егер құнсызданудан болған залал танылмаса, активтің баланстық құны тозуды немесе амортизацияны шегере отырып айқындалатын баланстық құннан аспайтын дәрежеде ғана қалпына келтіріледі.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қауымдасқан ұйым - бұл қызметіне Қоғам едәуір ықпал ететін ұйым. Елеулі әсер - бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ бұл саясатты бақыламау немесе бірлесіп бақылау.

Қоғамның оның қауымдасқан ұйымына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға инвестициялар бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны сатып алу күнінен кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі Қоғамның үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан кейіннен түзетіледі.

Қаржы құралдары - бастапқы тану және кейінгі бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және басқа ұйымда қаржы міндеттемесінің немесе үлестік құралдың туындауына әкеп соғатын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері бастапқы тану кезінде кейіннен амортизацияланған құны бойынша, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі. Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу қаржы активі бойынша ақша ағындары шартында көзделген сипаттамаларға және осы активтерді басқару үшін Қоғам қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, Қоғам бастапқыда қаржы активтерін пайда немесе залал арқылы әділ емес құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ немесе оған қатысты Қоғам практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған саудалық дебиторлық берешек ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржы активін амортизацияланған құн бойынша немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеуге және бағалауға болатындай ету үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек қана борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуға негізделуі қажет. Мұндай бағалау әрбір құрал деңгейінде жүзеге асырылады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қоғам қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель Қоғамның ақша ағындарын генерациялау мақсатында өзінің қаржы активтерін басқару тәсілін сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржы активтерін сату немесе екеуі де салдарынан болатынын анықтайды.

Активтерді заңнамада белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сатудың барлық операциялары немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес (стандартты шарттармен сауда) мәміле жасалған күні, яғни Қоғам өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні танылады.

Келесі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта жіктей отырып, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- ұйымның қалауы бойынша тануды тоқтату кезінде жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптамай өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері;

Қоғам, егер мынадай талаптардың екеуі де орындалса, қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржы активі мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек қана борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдер және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті тану, оны түрлендіру немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Қоғам саудалық дебиторлық берешегін және берілген қарыздарды жатқызады.

Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Қоғам борыштық құралдарды әділ құн бойынша өзге де жиынтық кіріс арқылы бағалайды, егер мынадай талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу да, қаржы активтерін сату да болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек қана борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдер және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді. Өзге де жиынтық кіріс, пайыздық кіріс, валюта бағамдарын қайта бағалау және құнсызданудан болатын залалдар немесе осындай шығындарды қалпына келтіру арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар жағдайында пайда немесе залал туралы есепте танылады және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері өзге де жиынтық кірістің құрамында танылады. Тану тоқтатылған кезде өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі. Қоғамда өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар жоқ.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

«Кең Дала» бағдарламасы шеңберінде берілген қарыздар құрамында көрсетілген қарыздарды Қоғам мемлекеттік даму институттарынан тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру шеңберінде берді. Атап айтқанда, 2025 жыл ішінде Қоғам көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыруға бағытталған «Кең дала 2» бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыруды жүзеге асырды.

Қаражаттың нысаналы мақсатын, қарыз алушылардың санаттарын, қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және қаржыландырудың шекті параметрлерін қоса алғанда, осындай қарыздарды беру шарттары Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде және бағдарламалық қаржыландыру шарттарында айқындалады.

Есепті күннен кейін республикалық және өңірлік деңгейлерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бағдарламаларын және агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландырудың жекелеген бағдарламаларын қоса алғанда, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша жекелеген функцияларды беру мәселесін қарауды көздейтін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін трансформациялау жөніндегі іс-шараларға бастама жасалды. Қаржылық есептілікті бекіту күніндегі жағдай бойынша тиісті талап ету құқықтары мен функцияларын беру аяқталмаған, осыған байланысты қарыздар Қоғамның қаржы активтерінің құрамында көрсетілуін жалғастырады.



«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпе

7. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтерінің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	4,630,315	9,194,752
Негізгі борышты беру	2,012,060	112,470
Негізгі борышты өтеу	(2,327,829)	(2,971,711)
Өзара есепке алу	-	(1,727,184)
Айыппұлдар	28,485	2,627
Салықтар мен төлемдер	-	17,374
Есептелген пайыздар	39,560	1,987
Алынған пайыздар	(39,560)	-
31 желтоқсанға	4,343,031	4,630,315

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	(2,305,065)	(2,280,353)
Қайта жіктеу	451,063	-
Есептелген	(87,239)	(24,712)
Қалпына келтірілді	138,743	-
31 желтоқсанға	(1,802,498)	(2,305,065)

8. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1,298,488	1,318,236
Шағымдар бойынша ұзақ мерзімді берешек	126,041	126,622
Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	147,184	465,824
Дисконт	(452,764)	(504,518)
Ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құнсыздануынан болған дебиторлық берешек	(852,812)	(709,774)
	266,137	696,390

2023 жылғы тамызда, 2023 жылғы 16 тамыздағы № 79-93 талап ету құқықтарын басқаға беру туралы келісімнің негізінде, уәкілетті мемлекеттік органның өкіміне сәйкес мемлекеттік мекемеден қайтару мерзімі 1 жылдан 12 жылға дейінгі тұрғындардың берешегі бойынша талап ету құқықтары Қоғамға өтеусіз берілді. Беру нәтижесінде Қоғам тиісті дебиторлық берешекке бақылау алды және тұрғындармен жасалған шарттар бойынша тарап болды.

Көрсетілген ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 20% мөлшерлеме бойынша дисконтталған күтілетін ақша ағындарының келтірілген құны ретінде есептелген әділ құн бойынша танылды. 552,494 мың теңге мөлшеріндегі дисконт 2023 жылы қаржылық шығыстардың құрамында танылды. 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық кірістер құрамында танылған дисконт амортизациясы 50,123 мың теңгені (2024 жыл үшін: 56,250 мың теңге) құрады.

Бұдан басқа, ұзақ мерзімді дебиторлық берешек құрамында контрагенттердің бөліп сатылған жер учаскелері бойынша берешегі де көрсетілген. Осы берешек бойынша дисконт 2022 жылы қаржылық шығыстардың құрамында 20,886 мың теңге мөлшерінде танылды, сондай-ақ оның амортизациясы 2025 жылға арналған қаржылық кірістердің құрамында танылды, ол 1,630 мың теңгені құрады (2024 жылы: 1,434 мың теңге).

Дебиторлық берешектің қысқа мерзімді бөлігі былайша берілген:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	54,844	185,774
Байланысты тараптардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	672,020	1,587
Құнсызданудан болатын залалдарға арналған бағалау резерві	(451,063)	(113,475)
	275,801	72,886



8. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Күтілетін кредиттік залалдар резервінің қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	(853,249)	(817,380)
Қайта жіктеу	(451,063)	-
Есептелген	-	(36,887)
Қалпына келтірілді	437	1,018
31 желтоқсанға	(1,303,875)	(853,249)

9. ҚОРЛАР

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Тұрақтандыру қоры	186,328	238,045
Шикізат және материалдар	8,810	6,879
Тауарларды есептен шығару жөніндегі резерв	(1,246)	(993)
	193,892	243,931

10. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Берілген қысқа мерзімді аванстар	3,015,531	1,413,953
Болашақ кезеңдердің шығыстары	11,044	3,747
Ағымдағы салық активтері	14,894	23,214
Құнсыздануға арналған резерв	-	(277)
	3,041,469	1,440,637

11. БАНК ДЕПОЗИТТЕРІ

мың теңге	% мөлшерлеме	Валюта	Өтеу мерзімі	31.12.2025	31.12.2024
Теңгедегі жинақ шоттарындағы ақша қаражаты	15%	теңге	2025 жылғы мамыр	-	4,159,783
Алынатын сыйақылар				-	53,661
				-	4,213,444

Уақытша еркін өтімділікті басқару шеңберінде Қоғам ақша қаражатын «овернайт» түріндегі қысқа мерзімді банктік депозиттерге орналастыруды жүзеге асырды. Мұндай операциялар ақша қаражатының сақталуы, өтімділіктің қажетті деңгейін қолдау және пайыздық кіріс алу мақсатында жүзеге асырылды. Ақша қаражатын орналастырудан түскен кірістер есепті кезеңде қаржылық кірістердің құрамында танылды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жинақ шоттарында ақша қаражаты болмаған.

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	11,099,263	3,334
Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты	52,106	7,188,469
Кассадағы ақша қаражаты	-	18
	11,151,369	7,191,821

Нысаналы мемлекеттік бағдарламалар есебінен қалыптастырылғандықтан, ақша қаражатын пайдалану шектеулі сипатқа ие. Қазіргі уақытта Қоғам мемлекеттік бағдарламалардан уақытша қол жетімді ақша қаражатын екінші деңгейдегі банктердегі жинақ шоттарына орналастыра отырып, пайыздық кіріс алады. Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты уақытша еркін өтімділікті басқару үшін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылатын «овернайт» үлгісіндегі қысқа мерзімді банк салымдарымен ұсынылған. Мұндай салымдарды орналастыру мерзімі, әдетте, күн сайын ұзарту мүмкіндігімен бір банк күнінен аспайды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 9%-дан 17%-ға дейін алынған сыйақылар қаржылық кірістер құрамында көрсетілді және 2025 жылы 777,005 мың теңгені (2024 жылы: 1,389,621 мың теңге) құрады.



13. КАПИТАЛ

2025 жылғы 31 желтоқсанда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда Қоғамның жарияланған акционерлік капиталы 15,000,000 мың теңгені құрайды, орналастырылған және төленген капитал 10,063,203 мың теңгені құрайды. 1 акцияның номиналдық құны 1,000 теңгені құрайды.

Жалғыз акционер және түпкілікті бақылаушы тарап туралы ақпарат 1-ескертпеде келтірілген.

Активтерді өтеусіз беру

2023 жылдың қыркүйегінде Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес Қоғамға полигон, жер учаскесі, гараж және әкімшілік ғимарат берілді. 2024 жылдың 24 маусымында Ақтөбе облысы әкімдігінің жоғарыда аталған қаулының күшін жою туралы қаулысы шықты және Қоғам жоғарыда аталған активтерді «Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ қайтарып берді.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның бөлінетін резервтері ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған оның қаржылық есептілігіне сәйкес Қоғамның бөлінбеген кірісінен не көшірілетін залалдар жағдайында кезең ішіндегі кірісінен аспауға тиіс. Егер бұл капиталдың тапшылығына немесе Қоғамның дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлу жүргізілмейді. Есепті кезең ішінде дивидендтер жарияланған жоқ (2023 жылы: дивидендтер жарияланған жоқ).

14. АЛЫНҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АВАНСТАР

Алынған ұзақ мерзімді аванстар мемлекеттік мекемелер мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін берген нысаналы қаражатпен ұсынылған. Көрсетілген қаражат есепті күнге игерілмеген және оларды беру шарттарына сәйкес қатаң түрде келесі кезеңдерде пайдалануға жатады.

«Айналым схемасы» бағдарламасы

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуін тежеу мақсатында Ақтөбе облысының әкімдігі бағаны тұрақтандырудың екі тетігін іске асыруға облыстық бюджеттен қаражат бөлді:

- өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру,
- ӘМАТ өндірушілері мен өткізушілеріне айналым қарыздарын беруді көздейтін «Айналым схемасы» жобасы бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті кредит беру.

«Айналым схемасы» жобасы бойынша берілген қарыздар 7-ескертпеде, алынған қарыздар 15-ескертпеде берілген.

Тұрақтандыру қоры бағдарламасы

Қоғам отандық өндірістің көкөніс өнімдерін сатып алу есебінен толығымен толықтырылатын өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі оператор функциясын атқарады. Тұрақтандыру қорынан тауарлар Ақтөбе қаласындағы «Табыс» коммуналдық базары арқылы, сондай-ақ облыс халқын қамтитын коммуналдық шағын базарлар желісі арқылы нарықтық бағадан төмен тіркелген бағамен сатылады.

14. АЛЫНҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АВАНСТАР (жалғасы)

«Ауыл Аманаты» микрокредит беру бағдарламасы

Қоғам ауыл халқына шағын кредит берудің «Ауыл Аманаты» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 443 бұйрығымен бекітілген Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысымен бекітілген Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспары негізінде қатысады.

Жасалған шарттардың шарттарына сәйкес, Қоғам кейіннен үшінші тұлғаларға жылдық 2.5% жеңілдікпен микрокредит беру үшін «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен мақсатты қаражат алды.

Бұл ретте қоғам агент ретінде әрекет етеді, қаражатты өз қалауы бойынша иеленбейді және кредиттік тәуекел етпейді. Бағдарламаның шарттарына сәйкес Қоғам оларға қызмет көрсетудің бүкіл мерзімі ішінде берілген кредиттер сомасының жылдық 2.49% мөлшерінде агенттік сыйақы алады.

Қоғам берілген қаражатты бақыламайтындықтан және сыйақыдан басқа экономикалық пайда алмайтындықтан, берілген кредиттер активтер құрамында танылмайды, ал операциялардың өздері баланстан тыс көрсетіледі. Агенттік сыйақы тиісті міндеттемелердің орындалуына қарай түсімнің құрамында танылады.

15. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

мың теңге	Пайыздық мөлшерлеме	Валюта	31.12.2025	31.12.2024
«Ақтөбе облысының Кәсіпкерлік басқармасы» ММ	0.10%	Теңге	2,154,450	2,941,000
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	0.01%	Теңге	561,075	-
			2,715,525	2,941,000
Қысқа мерзімді бөлім			561,075	2,681,000
Ұзақ мерзімді бөлім			2,154,450	260,000
			2,715,525	2,941,000

Қоғам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөніндегі өңірлік бағдарламаны (ӨМАТ) іске асыруға қатысады, ол «айналым схемасы» бойынша ӨМАТ өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру арқылы бағаның өсуін тежеуге бағытталған.

Осы бағдарлама шеңберінде Қоғамға «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» мемлекеттік мекемесінен жылдық 0.1% жеңілдетілген мөлшерлеме бойынша нысаналы қарыздар берілді. Көрсетілген қаражатты бұдан әрі Қоғам кәсіпкерлік субъектілеріне осындай шарттармен береді. Алынған қарыздарды өтеу мерзімі – 2025-2026 жылдар.

Қоғам мемлекеттік бағдарламаның бекітілген шарттары шеңберінде жұмыс істейді және көрсетілген қаражатты пайдаланудан экономикалық пайда ала алмайды. Алынған қарыздар қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі және дисконттаусыз номиналды құны бойынша есепке алынады, өйткені беру мөлшерлемесі тарту мөлшерлемесіне ұқсас.



15. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағдарламасынан басқа, Қоғам 2025 жыл ішінде агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысты.

Атап айтқанда, «Кең дала 2» бағдарламасы шеңберінде Қоғам көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыру мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарына кейіннен кредит беру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан қаржыландыруды тартты. Тартылған қаражатты пайдалану шарттары, түпкілікті қарыз алушыларды қаржыландыру тәртібі, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар және өзге де елеулі параметрлер тиісті келісімдердің шарттарымен және Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен айқындалады.

Есепті күннен кейін мемлекеттік деңгейде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі жекелеген функцияларды және олармен байланысты активтер мен міндеттемелерді басқа ұйымдарға беру мәселесін қарауды көздейтін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды трансформациялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасады (27-ескертпе). Қаржылық есептілік бекітілген күнгі жағдай бойынша нормативтік-құқықтық базаның тиісті өзгерістері аяқталмаған, ал Қоғамның тартылған қаржыландыру бойынша міндеттемелері қаржылық міндеттемелердің құрамында ескерілуін жалғастырады.

Қоғам қызметінің жүргізіліп жатқан трансформациясы және қаралып отырған мемлекеттік бағдарламалар бойынша жекелеген функцияларды беру туралы ақпарат «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» деген 27-ескертпеде ашылған.

Алынған қарыздардың қозғалысы былайша берілген:

мың теңге	2025	2024
1 қаңтарда	2,941,000	3,941,000
Алынған қарыздар	3,309,150	-
Алынған қарыздарды қайтару	(3,534,625)	(1,000,000)
Есептелген пайыздар	10,325	392
Төленген пайыздар	(10,325)	(392)
31 желтоқсанға	2,715,525	2,941,000
Баланстық құн		
Қысқа мерзімді бөлім	-	2,681,000
Ұзақ мерзімді бөлім	2,715,525	260,000
31 желтоқсанға	2,715,525	2,941,000

16. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді берешек	301,721	83,007
Өзге де қаржылық міндеттемелер	-	6,641
	301,721	89,648
Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек	36,235	65
Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер	3,271	3,594
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	-	30,778
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	28,992	9,460
	370,219	133,545



17. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

мың теңге	2025	2024
Индустриялық аймақ бойынша шығындарды өтеуден түскен кірістер	882,685	978,388
Тамақ өнімдерін сатудан түскен кірістер	810,800	357,133
Агенттік шарттар бойынша кірістер	448,026	335,613
Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерден түскен кірістер	27,408	127,877
Жалға беруден түскен кірістер	23,077	41,912
Жерді жалға алу құқығын сатудан түскен кірістер	65	49
	2,192,061	1,840,972

Қызметтерді өткізу уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылады, өйткені сатып алушы бір мезгілде Қоғам оларды жеткізуіне қарай пайданы алады және тұтынады.

18. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

мың теңге	2025	2024
Тамақ өнімдерінің өзіндік құны	808,673	392,861
Электр энергиясы	765,024	556,849
Негізгі құралдарды жөндеу және қызмет көрсету	41,450	40,212
Тозу және амортизация	18,597	105,126
Тауарлық газ	-	438,178
ЖОЖМ	-	4,197
Басқалары	13,946	-
	1,647,690	1,537,423

19. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

мың теңге	2025	2024
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар	781,979	662,491
Негізгі құралдарды жөндеу және қызмет көрсету	109,592	19,234
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	93,954	70,970
Аудит және бағалау бойынша шығыстар	63,933	-
АҚС шарттары бойынша қызметтерге арналған шығыстар	60,685	61,510
Салық және бюджетке төленетін төлемдер	50,977	63,008
Тозу және амортизация	37,910	56,166
Күзет қызметтері	32,413	31,545
Жалдау бойынша шығыстар	26,786	24,107
Іссапар шығыстары	20,850	27,861
Коммуналдық шығыстар	-	17,917
Демеушілік көмек	-	997
Басқалары	106,129	42,753
	1,385,208	1,078,559

20. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

мың теңге	2025	2024
Қаржылық кірістер		
Депозиттер бойынша сыйақылар	777,005	1,389,621
Бөліп төлеу шарттары бойынша дисконттың амортизациясы	51,753	57,684
Берілген қарыздар бойынша сыйақылар	39,560	1,987
Қаржылық кірістер жиыны	868,318	1,449,292
Қаржылық шығыстар		
Алынған қарыздар бойынша сыйақылар бойынша шығыстар	(10,325)	(392)
Сыйақылар бойынша өзге де шығыстар	(4,122)	-
Қаржылық шығыстар жиыны	(14,447)	(392)
Қаржылық кірістердің (шығыстардың) жиыны	853,871	1,448,900



21. ӨЗГЕ ДЕ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

мың теңге	2025	2024
Өзге де кірістер		
Негізгі құралдардың істен шығуынан түскен кірістер		
инвестициялық жылжымайтын мүлік	80,706	531,981
Шарттар бойынша тұрақсыздық айыбы	30,224	124,490
Үлесті сатудан түскен кірістер	15,242	—
ТКШ бағдарламасы бойынша кірістер	13,511	—
Өзге де кірістер	3,506	11,749
Негізгі құралдар бойынша резервті қалпына келтіру	—	—
Өзге кірістер жиыны	143,189	668,220
Өзге де шығыстар		
Негізгі құралдардың істен шығуынан шығыстар және		
инвестициялық жылжымайтын мүлік	(78,038)	(530,178)
Қатысу үлесін есептен шығару бойынша шығыстар	(15,242)	—
Өзге де шығыстар	(470)	(2,548)
Өзге шығыстар жиыны	(93,750)	(532,726)
Жиыны	49,439	135,494

22. ЗАЛАЛДАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ / ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН (ЗАЛАЛДАР)

мың теңге	2025	2024
Құнсызданудан болған залалдарды қалпына келтіру		
Қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	138,743	—
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	437	1,018
Қорлардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	292	—
Негізгі құралдардың құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру	11	19,997
	139,483	21,015
Құнсызданудан болған залалдар		
Қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(87,239)	(36,711)
Қорлардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	(545)	—
Инвестициялардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	—	(32,703)
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	—	(19,972)
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервті есептеу	—	(4,915)
Берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	—	(277)
	(87,784)	(94,578)
	51,699	(73,563)

23. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Қоғамның 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайдаға салынатын салық бойынша шығыстары мынадай түрде берілген:

мың теңге	2025	2024
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	14,652	171,934

Қазақстан Республикасында пайдаға салынатын салық жыл (кезең) ішіндегі есепті салық салынатын пайданың 20% мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар актив өткізілетін немесе міндеттеме өтелетін кезеңге қолданылатын мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

мың теңге	2025	2024
Салық салынғанға дейінгі кіріс	114,172	735,821
20% белгіленген мөлшерлеме бойынша салық	22,834	147,164
Танылмаған салық активтеріндегі өзгеріс	(254,450)	182,495
Бағамдық және өзге де тұрақты айырмашылықтардың салықтық әсері	246,268	(157,725)
Табыс салығы бойынша шығыстар	14,652	171,934
Тиімді салық мөлшерлемесі	13%	20%



23. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері Қоғамның осы кейінге қалдырылған салық активтерін есепке жатқызуға болатын болашақ салық салынатын кірістерді алу ықтималдығының жеткіліксіз болуына байланысты мынадай баптарға қатысты танылмаған:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша резерв	195,064	359,304
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	170,562	141,955
Ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша резерв	165,436	101,709
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің дисконты және амортизациясы	90,553	100,904
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	90,213	28,695
Негізгі құралдар және инвестициялық жылжымайтын мүлік	31,810	263,251
Демалыс бойынша резерв	7,247	6,156
Төленетін салықтар	441	3,802
	751,326	1,005,776

24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Егер олардың біреуінің екіншісін бақылауға мүмкіндігі болса, жалпы бақылауда болса немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде елеулі ықпал етуі мүмкін болса, тараптар байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарау кезінде олардың тек заңдық нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны назарға алынады.

Байланысты тараптармен операциялар:

мың теңге	Негізгі компания	Қауымдасқан компаниялар	Өзге де байланысты тараптар
2025 жылғы 31 желтоқсан			
Инвестициялар	—	98,098	—
Қаржы активтері	—	275,540	—
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	—	672,020	—
Алынған қарыздар	—	—	2,154,450
Алынған аванстар	—	—	13,923,289
Байланысты тараптарға сату	—	9,072	—
2024 жылғы 31 желтоқсан			
Инвестициялар	—	113,340	—
Қаржы активтері	—	947,560	—
Алынған қарыздар	—	—	2,941,000
Алынған аванстар	—	—	12,401,550
Капиталды төлеу	44,418	—	—
Байланысты тараптарға сату	—	1,255	—
Байланысты тараптардан сатып алу	—	(274,897)	—

Негізгі басшы құраммен операциялар

Әкімшілік шығыстарға енгізілген негізгі басқару персоналына сыйақының жалпы сомасы (19-ескертпе) 143,461 мың теңгені (2024 ж.: 90,176 мың теңге) құрайды.

25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сот талаптары

Қоғам өзінің операциялық қызметіне қатысты айыппұлдар, қарыз шарты бойынша тұрақсыздық айыбын төлеу талаптары, мемлекеттік сатып алу жөніндегі даулар сияқты әртүрлі маңызды емес сот талқылауларына қатысады. Қоғам қаралатын осындай сот істері немесе жеке-жеке немесе жиынтығында ықтимал талаптар оның қаржылық жағдайына немесе операциялық қызметінің нәтижелеріне қандай да бір елеулі теріс әсер етуі мүмкін деп санамайды.



25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қоғам елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің туындау ықтималдығы жеткілікті болғанда ғана қаржылық есептілікте тиісті резервті көрсетеді, ал тиісті міндеттемелердің сомасы негізді түрде айқындалуы мүмкін.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір алшақтығы жиі кездеседі. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қолданыстағы режимі қатаңдығымен ерекшеленеді.

Салықтық тексерулер тексеру жылының алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер бар болса, қазіргі уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2025 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру тиісті болып табылады және Қоғамның салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп есептейді.

Экологиялық мәселелер

Қоғам қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдар мен нормативтік ережелерді сақтауға міндетті. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі қазақстандық заңнама үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі түсіндірулерге ұшырайды. Басшылық Қоғамның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды сақтайтынына сенімді болғанымен, шартты міндеттемелердің жоқтығына сенімді болуға болмайды.

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

2025 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақталып отырған инфляциялық қысым жағдайында базалық мөлшерлемені жылдық шамамен 16-17% деңгейінде ұстап тұра отырып, біркелкі қатаң ақша-кредит саясатын жүргізді. Сыртқы инфляциялық факторлар тұтастай алғанда шикізат және азық-түлік тауарларына әлемдік бағалардың тұрақтануы аясында қалыпты күйінде қалды, алайда ішкі инфляция тұрақты тұтынушылық сұраныстың, фискалдық ынталандырудың және сақталып отырған инфляциялық күтулердің әсерінен қалыптасты.

Қоғам осы оқиғалардың өз қызметіне әсерін, қаржылық жағдайын және қаржылық жағдайларын бағалауды жалғастырады. Қоғам басшылығы Қоғамның экономикалық тұрақтылығын ағымдағы жағдайда ұстап тұру жөнінде тиісті шаралар қолданады деп санайды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу шеңберінде Қоғам қатысу сипатына қарай туындайтын шартты және әлеуетті міндеттемелердің болуын - активтер мен міндеттемелерді баланста не активтерді танымайтын агент рөлінде тану арқылы оператор нысанында бағалайды.



25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Мемлекеттік бағдарламалар

1. Баланста активтер мен міндеттемелерді тану бағдарламалары

Мұндай бағдарламалардың қатарына:

- «Айналым схемасы» - әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілер мен өткізушілерге айналым қарыздарын беру;
- Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру - өнімді сатып алу, сақтау және белгіленген бағамен сату жатады.

Қоғам алынған қаражатты міндеттемелер құрамында, ал берілген қарыздар мен сатып алынған тауарларды - активтер құрамында таниды. Осыған байланысты мынадай әлеуетті міндеттемелер болуы мүмкін:

- Мемлекеттік органдар тарапынан қаржыландыру шарттарын бұзушылықтар анықталған жағдайда – игерілмеген немесе мақсаты бойынша пайдаланылмаған қаражатты қайтару тәуекелі;
- Шектеулі сақтау мерзімдері мен бағалық ауытқуларды ескере отырып, сатып алынған тауар-материалдық қорлардың құнсыздануынан залалдардың туындау тәуекелі;
- Берілген қарыздарды ықтимал есептен шығаруды немесе қайтармауды қоса алғанда, қаражатты тиімсіз игеру тәуекелі.

Есепті күні Қоғамның жоғарыда көрсетілген бағдарламалар бойынша бағалау міндеттемелерін тану үшін негіздемесі жоқ.

2. Агенттік моделі бар бағдарламалар (баланстан тыс есеп)

Мұндай бағдарламалардың қатарына:

- «Ауыл Аманаты» - ауыл халқына микрокредит берудің мемлекеттік бағдарламасы;
- «ТҚШ жаңғырту» - бюджет қаражаты есебінен талап ету құқығын беру және қызмет көрсету жатады.

Қоғам баланс құрамында активтер мен міндеттемелерді танымай, агент ретінде әрекет етеді, ал бағдарламалар бойынша операциялар баланстан тыс шоттарда есепке алынады. Ықтимал шартты міндеттемелер:

- Агенттік сыйақыны қайтару тәуекелін - есептіліктің сәйкессіздігі немесе бағдарламалар талаптарының бұзылу фактілері анықталған кезде;
- Агенттік қатысу моделіне қарамастан, қаражатты мақсатсыз пайдалану анықталған жағдайда мемлекеттік органдар тарапынан наразылық тәуекелі;
- Әкімшілендіруді, бақылауды және мониторингті қоса алғанда, оператордың функционалын толық немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілікті қамтиды.

Есепті күні уәкілетті органдар тарапынан Қоғамның атына шағым түскен жоқ. Әлеуетті тәуекелдер бағаланбаған күйінде қалады және тиісінше шартты міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Егер болашақта нұсқамалар түссе не көрсетілген тәуекелдердің қандай да бірін іске асыру ықтималдығы жоғары болса, Қоғам қаржылық есептіліктің құрамында тиісті бағалау міндеттемелерін тану туралы мәселені қарайды.

26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Өз қызметіне байланысты Қоғам өзінің қаржы құралдарымен байланысты әртүрлі қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Қоғамның негізгі қаржы құралдары мыналарды қамтиды: клиенттерге кредиттер, саудалық және өзге де дебиторлық берешек, ақша қаражаты және олардың баламалары, берілген қарыздар мен кредиттер, саудалық және өзге де кредиторлық берешек. Қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және валюталық тәуекел болып табылады.



26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Қоғамның қаржы құралдары мынадай түрде берілген:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Қаржы активтері:		
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	266,137	696,390
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	275,801	72,886
Қысқа мерзімді қаржы активтері	2,540,533	2,325,250
Банк депозиттері	-	4,213,444
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11,151,369	7,191,803
	14,233,840	14,499,773
Қаржылық міндеттемелер:		
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	2,154,450	260,000
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	561,075	2,681,000
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	301,721	89,648
	3,017,246	3,030,648

Кредиттік тәуекелі

Қоғам кредиттік тәуекелге ұшырайды, ол қаржы құралымен жасалатын операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығындарға ұшырауына себеп болу тәуекелі болып табылады. Кредиттік тәуекел Қоғамның оның салдарынан қаржы активтері туындайтын қарсы агенттермен кредиттік және өзге де операциялары нәтижесінде туындайды. Қоғамның кредиттік тәуекелге ұшырауы ықтимал қаржы активтері негізінен ақша қаражатын және олардың баламаларын, депозиттерді, байланысты тараптардың саудалық дебиторлық берешегін қамтиды. Қоғамның ең жоғары тәуекелі осы құралдардың баланстық құнына тең:

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	266,137	696,390
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	275,801	72,886
Қысқа мерзімді қаржы активтері	2,540,533	2,325,250
Банк депозиттері	-	4,213,444
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11,151,369	7,191,803
	14,233,840	14,499,773

Қоғам күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін құрады. Қоғам өзінің ақшалай қаражатын мақұлданған қаржы институттарында және әрбір қаржы институты үшін белгіленген лимиттер шеңберінде ғана орналастырады. Лимиттер қаржы институтының төлем қабілетсіздігі жағдайында тәуекелдердің шоғырлануын азайту және қаржылық шығындарды азайту мақсатында белгіленеді. Қоғам өзінің ақша қаражатын В төмен емес «Standard and Poor's» кредиттік рейтингі бар ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырады.

мың теңге	31.12.2025	31.12.2024
(BBB-)-тен BBB+ дейін	3,451,705	1,476,481
(BB-)-тен BB+ дейін	25,716	856
(B-)-тен B+ дейін	7,673,948	9,927,910
	11,151,369	11,405,247

Қоғам дебиторлық берешектің құнсыздануына бағалау резервін құрады, ол күтілетін кредиттік залалдар шамасының есептік бағасын білдіреді.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде Қоғамда қиындықтардың туындау тәуекелі.

Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын баға бойынша жылдам сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін. Қоғам өтімді қаражатқа деген қажеттілікті үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген алда болатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.



26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)

Төменде дисконтталмаған пайыздық төлемдердің есеп айырысу сомаларын қоса алғанда, қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген:

мың теңге	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Жиыны
2025 жылғы 31 желтоқсан				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	301,721	-	-	301,721
Алынған қарыздар	-	561,075	2,154,450	2,715,525
	301,721	561,075	2,154,450	3,017,246
2024 жылғы 31 желтоқсан				
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	89,648	-	-	89,648
Алынған қарыздар	-	2,681,000	260,000	2,941,000
	89,648	2,681,000	260,000	3,030,648

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі

Қоғамның есепті күнге 31 желтоқсанда ауыспалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздары мен кредиттері жоқ. Қоғам тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар ешқандай қаржы құралдарын кезең ішіндегі пайда мен залалдың құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін көзделген тәртіппен не сату үшін қолда бар ретінде ескермейді. Сондықтан есепті күнге сыйақы мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгеруі кезең немесе капитал үшін пайда немесе залал шамасына әсер етпес еді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюталық бағамдардағы өзгерістердің салдарынан ауытқу тәуекелі. Қоғамның шетел валютасының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы Қоғамның операциялық қызметіне жатады. Қоғамның функционалдық валютасынан өзгеше қаржы құралдары жоқ және ол валюталық тәуекелге ұшырамайды.

Әділ құн

Басшылықтың пікірінше, Қоғамның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны 2 сатылық деңгейі бойынша есептелген.

27. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Қоғам қызметін трансформациялау және мемлекеттік бағдарламалар бойынша функцияларды жоспарлы беру

Есепті күннен кейін республикалық және өңірлік деңгейлерде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды өңірлік даму институттарына трансформациялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасуда.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды трансформациялау тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының 2025 жылғы 13 сәуірдегі төрағалығымен өткен кеңестің хаттамасына, сондай-ақ Ақтөбе облысы әкімінің 2026 жылғы 5 мамырдағы кеңестің хаттамасына сәйкес Қоғам мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асыратын жекелеген функцияларды беру мәселесі қаралуда.

Атап айтқанда, қарыздар мен талап ету құқықтарының тиісті портфелін қоса алғанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетігін іске асыру жөніндегі функцияларды беру, сондай-ақ тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы операторының функцияларын басқа ұйымдарға беру қарастырылуда.



27. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (жалғасы)

Осы қаржылық есептілік бекітілген күнгі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне қажетті өзгерістер енгізілмеген, қабылдаушы ұйым айқындалмаған, ал тиісті активтерді, міндеттемелер мен функцияларды беру аяқталмаған.

Қаржылық есептілікті бекіту күніне басшылықтың көрсетілген іс-шараларды іске асырудың қаржылық тиімділігін сенімді бағалау мүмкіндігі жоқ, өйткені функцияларды, активтер мен міндеттемелерді беру тетігі, сондай-ақ берілетін активтер мен міндеттемелердің құрамы уәкілетті мемлекеттік органдардың айқындау сатысында тұр.

Қоғам басшылығы трансформациялау жөніндегі іс-шаралардың 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқталуын күтуде.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелерді беру шарттары болмағандықтан, ал тиісті шешімдер іске асырылмағандықтан, осы оқиға 2025 жылғы қаржылық есептілікте Қоғамның активтері мен міндеттемелерін тануға, бағалауға және жіктеуге әсер еткен жоқ.

Басшылық көрсетілген өзгерістердің Қоғамның болашақ қызметіне әсерін бағалауды жалғастырады және тиісті іс-шаралардың аяқталуына қарай қаржылық есептілікте трансформацияның салдарын көрсететін болады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы есепті күннен кейін және осы қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін басқа елеулі оқиғалар болған жоқ.

